



Астана қ. әкімдігінің аппаратында 2016 жылдың 20 мамырында әкімнің орынбасары К. К. Айтмұхаметовтың төрағалығымен Астана қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою комиссиясының отырысы өткізілді.

Құн тәртібіндегі өзекті мәселелердің қатарын «Су тасқыны мерзімін қорытындылау», «Орт қауіпсіздігі қызметінің бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органдардың және орман шаруашылығы мекемелерінің орт шығуы қауіпті мерзімге дайындығы туралы», «2016 жылы жаз мезгілінде қаланың су айдындарында ТЖ алдын алу және адам өмірін қорғау бойынша жұмыстарға қызметтердің дайындығы туралы», «Потенциалды қауіпті объектілердегі және адамдар көп жиналатын объектілердегі локальді хабарландыру жүйесінің жағдайы және қала, қала сыртындағы жергілікті атқарушы органның басқару пункті мен қорғаныс ғимараттарының жағдайы, сонымен қатар оларды дайындыққа келтіру шаралары туралы» талқылаулар толықтырды.

Отырыс қорытындысы бойынша «Есіл», «Сарыарқа» және «Алматы» аудандары әкімдеріне, әкім аппараты басқармасына және Астана қ. ТЖ департаментіне 2017 ж. су тасқыны мерзіміне дайындық, алдағы суга шомылу мерзіміне дайындық, қорғаныс ғимараттарын және локальді хабарландыру жүйесін дайындыққа келтіру туралы тапсырмалар берілді.

